

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ
ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА
ТІРКЕУ 2011 Ж. ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 19445-1907-1000-100
№ 01
Басталу тіркелу күні 08
201 ж. « 01 »



Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік мүлік
және жекешелендіру
комитеті Төрағасының
2022 жылғы «2» қараша
№ 667 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің
«Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы»
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ**

Астана қаласы, 2022 жыл

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Орталық) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Орталық «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 19 мамырдағы № 766 қаулысына сәйкес құрылды.

«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысына сәйкес Орталық Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып өзгертілді.

3. Орталықтың құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

4. Орталықтың мүлкіне қатысты республикалық меншік құқығының субъекті құқығын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі - мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) жүзеге асырады.

5. Орталықты басқаруды жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Орталықтың атауы:

толық:

мемлекеттік тілде - «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

орыс тілінде - Республиканское государственное казенное предприятие «Национальный научно-практический центр физической культуры» Министерства просвещения Республики Казахстан;

қысқартылған:

мемлекеттік тілде – ҚР ОМ «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК;

орыс тілінде: - РГКП «Национальный научно-практический центр физической культуры» МП РК.

7. Орталықтың орналасқан жері - 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Бейбітшілік көшесі, 11 үй.

2. Орталықтың заңдық мәртебесі

8. Орталық мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Орталықтың заңнамаға сәйкес дербес тенгерімі, заңнамаға сәйкес банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Орталықтың атауы бар бланкілері, мөрі болады.

10. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Орталық заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Орталық Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

12. Орталық жасайтын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Орталық қызметінің мәні мен мақсаты

13. Орталық қызметінің мәні:

1) балалар мен жастардың дене тәрбиесін ғылыми және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуге, мақсатты кешенді бағдарламалар әзірлеуге қатысу;

2) спорт түрлері бойынша спорттық резервті даярлауға және жасөспірімдер мен студенттердің құрама командаларын жасақтауға қатысу;

3) спорт түрлері бойынша республика құрама командасының мүшелеріне педагогикалық, психологиялық және дәрігерлік-биологиялық көмек көрсету;

4) дене тәрбиесі жөніндегі педагог кадрларды қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға қатысу.

14. Орталықтың қызметінің мақсаты мектепке дейінгі жасөспірімдер, оқушылар және студент жастар арасында дене тәрбиесі мен спорт саласында ғылыми практикалық қызметті жүзеге асыру болып табылады.

15. Орталық қойылған мақсатты іске асыру үшін мына қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) балалар мен жастардың дене тәрбиесі саласындағы қолданбалы және іргелі зерттеулер бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу;

2) кешенді ғылыми топтардың жұмысына қатысу;

3) болжау және ақпараттық-талдау жұмысы;

4) балалар мен жастардың дене тәрбиесі саласында ғылыми және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу мен енгізуді ұйымдастыру және қатысу;

5) балалар мен жастардың дене тәрбиесі бойынша мақсатты кешенді бағдарламаларын әзірлеуге қатысу;

6) дене тәрбиесі саласындағы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын әзірлеуге және енгізуге қатысу;

7) балалар мен жастардың дене тәрбиесі мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларын, әдістемелік нұсқаулық материалдарды әзірлеуге қатысу;

8) спорт түрлері бойынша республиканың жасөспірімдер және студенттер құрама командаларын жасақтау жөніндегі жұмысқа қатысу;

9) спорт түрлері бойынша жасөспірімдер мен студенттердің құрама командаларына спортшы-мүшелерінің оқу-жаттығу процесі мен денсаулығына әдістемелік, психологиялық және медициналық-биологиялық бақылауды қамтамасыз ететін арнайы оқу-жаттығу жиындарын өткізуге қатысу;

10) Қазақстан Оқушылар гимназиадасын, Қазақстан колледж студенттерінің спартакиадасын және Қазақстан универсиадасын, оның ішінде кешенді спорттық жарыстарды (спартакиадаларды, универсиадаларды, турнирлерді) дайындауға және өткізуге қатысу;

11) спорт түрлері бойынша республиканың студенттер құрама командаларының жазғы және қысқы Дүниежүзілік Универсиадаларға, басқа да халықаралық спорт жарыстарына дайындығы мен қатысуы бойынша іс-шараларды жүзеге асыру және жұмыс жүргізу;

12) спорт түрлері бойынша республиканың құрама командаларының спортшы-мүшелеріне педагогикалық, психологиялық және медициналық-биологиялық көмек көрсету бойынша жұмыстар жүргізу, сондай-ақ оларды зерттеу мен оңалтудың дәстүрлі әдістерін жүзеге асыру;

13) дене тәрбиесі бойынша педагогикалық кадрлардың үздік отандық және шетелдік жұмыс тәжірибесін талдау, жинақтау және енгізу, басқа ұйымдармен, кәсіпорындармен, оның ішінде шет елдік ұйымдармен өзара тиімді іскерлік байланыстар орнату;

14) дене тәрбиесі бойынша педагогикалық кадрларды қайта даярлау және біліктілікті арттыру бойынша, Қазақстан Республикасында да, оның аумағынан тыс жерлерде де мамандарды тағылымдамадан өткізуді қоса алғанда, жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу;

15) өңірлік және халықаралық семинарларды, конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

16) оқу-әдістемелік әдебиетті, «Дене тәрбиесінің жаршысы - Вестник физической культуры» ғылыми-практикалық журналын әзірлеу және басып шығару.

16. Орталықтың Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не бас директордың жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, не прокурордың талап арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Орталықты басқару

17. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Орталықтың құрылтайшысы болады;

2) Қазақстан Республикасының атынан Орталыққа қатысты республикалық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жүзеге асырады;

3) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша Орталық қызметінің мәні мен мақсаттарын, сондай-ақ осы қызметті жүзеге асыратын Орталық түрін айқындайды және Орталықтың Жарғысын, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

4) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Орталыққа берілген немесе ол өз шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

5) Орталық мүлкінің мақсатты және тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

6) Орталықтың мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған, артық, пайдаланылмайтын не мақсатына сай пайдаланбаған мүлкін бақылауды жүзеге асырған кезден бастап алты ай өткен соң тиісті саланың уәкілетті органының келісімінсіз алып қоюды жүзеге асырады;

7) Орталыққа алып қойылған мүлікті күтіп ұстау және оны кейіннен теңгерімнен шығара отырып, өзге тұлғаға бергенге дейін сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді;

8) тиісті саланың уәкілетті органына Орталықты қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асыруға келісім береді;

9) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша Орталыққа бекітіліп берілген мүлікті (ол өндірген өнімді сатуды қоспағанда) иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, филиалдар (өкілдіктер) құруға жазбаша келісімін береді;

10) Орталыққа бекітіліп берілген мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруге талдау жүргізеді;

11) Орталықтың жұмыс істеуі мен оған басқару тиімділігінің мониторингін ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де өкіліттіктерді жүзеге асырады.

18. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) Орталық қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Орталық қызметінің мәні мен мақсатын айқындау бойынша, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын Орталықтың түрін айқындау жөніндегі ұсыныстар енгізеді;

3) Орталықтың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

4) Орталық мүлкінің сақталуына және Орталықтың даму жоспарларының орындалуына талдауды және бақылауды жүзеге асырады;

5) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Орталыққа берілген немесе ол өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлкті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

6) Орталықты басқаруды жүзеге асырады;

7) Орталықтың жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

8) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Орталықты қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

9) Орталықтың таза табыстың бір бөлігін республикалық бюджетке толық және уақтылы аударуын бақылауды жүзеге асырады;

10) Орталық Бас директорының ұсынымы бойынша оның орынбасарларының қызметке тағайындалады және қызметтен босатады;

11) жыл сайын Орталықтың еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

12) Орталық Бас директорының ұсынымы бойынша Орталықтың филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметіне тағайындауға және босатуға келісім береді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жататын өзге де мәселелерді шешеді.

19. Орталықтың органы оның Бас директоры болып табылады;

20. Тиісті саланың уәкілетті органы Орталықтың Бас директорымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

21. Орталықтың бас директоры дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және егер «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) және Орталықтың Жарғысында өзгеше көзделмесе, Орталық қызметінің барлық мәселелерін Заңмен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

22. Бас директор:

1) Орталықтың атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде Орталықтың мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Орталықтың барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Орталық қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шартын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және оларды жазаға тартады.

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Орталықтың басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Орталықтың бас бухгалтерін, филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

11) Орталықтың филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;

12) Мыналарға:

-Орталықтың даму жоспарын іске асырудың нәтижелілігі және тиімділігі үшін;

-таза табыстың белгіленген бөлігі уақтылы бюджетке аударылмағаны үшін дербес жауаптылықта болады;

13) Орталықтың қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуы үшін дербес жауаптылықта болады.

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Орталықтың мүлкі

23. Орталықтың мүлкін құны оның теңгерімінде көрсетілетін Орталықтың активтері құрайды.

24. Орталықтың мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Орталық қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

25. Орталықтың мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

26. Орталықтың жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлік болуы мүмкін.

27. Егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтық табиғатына қайшы келмесе, жедел басқару құқығын алу және тоқтату, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

28. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Орталық шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Орталықтың жедел басқаруға түседі.

29. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, меншік иесі мүлікті Орталыққа бекіту туралы шешім қабылдаған мүлікке қатысты жедел басқару құқығы Орталықта мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

30. Орталықтың негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

31. Орталықтың мүлкіне жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздер бойынша, сондай-ақ Заңның 154 – бабында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

32. Орталық осы Жарғының 30-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен ғана, иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге құқылы.

33. Орталық тиісті саланың уәкілетті органының жазбаша келісімімен дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға құқылы.

34. Орталық оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

6. Орталықтың қызметін қаржыландыру

35. Орталықтың қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

36. Орталық таза табысының бір бөлігін республикалық бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

37. Орталық өзі өндіретін өнімді дербес өткізеді.

38. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған Орталықтың Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан Орталық алған кірістер, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған сатылатын тауарлардың (жұмыстардың көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған кірістер Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

7. Орталықтың жарғылық капиталы

39. Орталықтың Жарғылық капиталы меншік иесінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

8. Орталықтың есепке алуы мен есептілігі

40. Орталықтың бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына және шағын және орта бизнеске арналған халықаралық стандартқа немесе қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес

тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынның Бас директоры бекітетін есептік саясатқа сәйкес жүзеге асырылады.

41. Орталықтың жылдық қаржылық есептілігі бухгалтерлік балансты, пайда мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

9. Орталықтың жауапкершілігі

42. Орталық өз міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлға таратылған жағдайларды қоспағанда, Орталықтың қалған мүлкін өндіріп алуға жол берілмейді.

43. Орталық мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ақшасы жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы республикалық бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

10. Орталық қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

44. Орталықтың еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

45. Орталық қызметкерлеріне еңбекақы төлеу «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен бекітілген еңбекақы төлеу жүйесіне сәйкес жүргізіледі.

11. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

46. Орталықтың әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

47. Орталықтың жұмыс тәртібі ішкі еңбек қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12. Орталықтың халықаралық қызметі

48. Орталық Қазақстан Республикасының заңнамасы және халықаралық шарттар негізінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

49. Орталықтың білім беру саласындағы мемлекеттік басқару органының келісім бойынша өз жұмысының ерекшеліктеріне сәйкес шетелдік білім беру, ғылым және мәдениет ұйымдарымен, халықаралық ұйымдармен және қорлармен тікелей байланыстарды орнатуға, ынтымақтастық туралы

екіжақты және көпжақты шарттар жасасуға, педагогикалық және ғылыми қызметкерлермен алмасудың халықаралық бағдарламаларына қатысуға, білім беру саласындағы халықаралық үкіметтік емес ұйымдарға (қауымдастықтарға) кіруге құқыға бар.

13. Орталықты қайта ұйымдастыру және тарату

50. Орталықты қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүргізіледі

51. Егер Қазақстан Республикасы заңдарында өзгеше белгіленбесе, Орталықты қайта ұйымдастыруды және таратуды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

52. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Орталықтың мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

53. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін таратылған Орталықтың қалған ақшасы, Орталықтың мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, республикалық бюджеттің кірісіне есептеледі.

14. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

54. Орталықтың Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен енгізіледі.

Бас директор _____

Т. А.Ә. (болған жағдайда) қолы

С. Садықов

